

**"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғалар санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 42 бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 57 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 шілдеде № 20981 болып тіркелді. Бұйрық 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданыста болды.

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 31.12.2020 дейін (осы бұйрықтың 4 т. қараңыз)**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғалар санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 42 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16458 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 наурызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғалар санаттарының тізбесінде 9) тармақшадағы "тұлға болып табылатын жеке тұлғалар жатады." деген сөздер "тұлға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) коммерциялық емес ұйымдардан қайырымдылық көмек алатын тұлға болып табылатын жеке тұлғалар жатады."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Салық және кеден саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданыста болады және 2020 жылғы 15 наурыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі*

*Р. Даленов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі